



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Витгенштейннің трактаты



Витгенштейн 1889 жылы Венада тегі еврейден шыққан аустриялық отбасында дүниеге келді. Бұл өте үлкен және ауқатты отбасы еді, отағасы – танымал болат құю ісінің миллионері, оның католик жары екеуінің тоғыз перзенті болды – олардың бәрі католик ретінде шоқынды. Оның үстіне, Витгенштейндер өнерге өте жақын отбасы еді; Иоганн Брамс олардың үйіне қонаққа жиі келетін, ал Людвигтің бауыры Пауль соғыстан бір қолынан айырылып келгеніне қарамастан, халықаралық деңгейдегі әйгілі концерттік пианист еді. Он төрт жасқа толғанша, Людвиг үйде білім алды, содан соң үш жыл қатарынан Линцтегі мектепте оқыды. Оның мектептегі сыныптастарының арасында Адольф Гитлер болды.

Мектеп қабырғасында жүріп Витгенштейн діни сенімінен бас тартты, бұған бір жағынан Шопенгауэр де ықпал етті. Ол алдымен Берлинде, одан соң Манчестер университетінде инженерлік істі меңгеріп, сол жерде ұшақтарға арналған реактивті қозғалтқышты ойлап тапты. Ол Расселдің Математика қағидаларын оқып жүріп, сол арқылы Фреге еңбектерімен танысты; 1911 жылы Людвиг Фрегемен Иенада кездесті. Фрегенің кеңесімен Витгенштейн Кембриджге аттанып, Тринити Колледжде Расселден дәріс алып жүріп, бес семестр өткізді. Рассел оның біртуар дарынын бірден байқап, оның жетілуіне көп септігін тигізді.

Витгенштейн Кембриджден 1913 жылы кетті де, Норвегияда өз қолымен салған лашықта жалғыз өмір сүре бастады. Оның осы кезеңде жазған жазбалары мен хаттары кейінгі өмірінің ұстанымына айналған философияның қалыптасып жатқанын байқатады. Философия – дедуктивті пән емес, деп жазды ол; философия жаратылыстану ғылымдарымен бір деңгейге қойылмауы тиіс. «Философия шындықты сипаттамайды және ғылыми зерттеулерді растай да, терістей де алмайды».

1914 жылы соғыс басталған кезде, Витгенштейн Аустриялық артиллерияның еріктісі болып, шығыс және италиялық майдандарда көзге түсерлік ерлікпен күресті. 1918 жылдың қарашасында ол Оңтүстік Тирольде италиялық солдаттардың қолына түсіп, Монте Кассиноға таяу жердегі тұтқындарға арналған лагерьге жөнелтілді. Әскери қызметінің барысында ол философиялық ойларын күнделігіне жазып жүріп, осы жазбаларын көзі тірісінде жарияланған жалғыз философиялық кітабы – «Логикалық-философиялық трактатқа» айналдырды. Ол осы кітабын түрме лагерінен Расселге жіберіп, олар оны кейіннен Голландияда талқылады. Бұл кітап 1921 жылы Германияда және көп ұзамай, Чарльз Кэй Огденнің аудармасында, әрі Расселдің кіріспесімен Англияда жарыққа шықты.

Логикалық-философиялық трактат – қысқа, тамаша және жұмбаққа толы шығарма. Ол кейде өте қысқа нөмірленген тармақтар тізбегінен құралған. Біріншісі – «Әлем дегеніміз – болмыс құратын нәрсенің барлығы» және соңғысы – «Айтуға болмайтын нәрсе турасында үндемеген жөн». Кітаптың негізгі тақырыбы – мәндер теориясы. Тіл әлемді сипаттайтын пропозициялардан құралған деп айтылып келді бізге. Пропозициялар дегеніміз – ойдың перцептивті, көрнекі білдірілуі, ой – фактілердің логикалық бейнелері, ал әлем – фактілердің жиынтығы.

«Лондон пойызы сағат 11.15-те кетеді» немесе «Қан судан қою» сияқты ағылшынша сөйлемдер бірдеңені сипаттауға ұқсамайды. Бірақ Витгенштейннің ойынша, пропозициялар мен ойлар дегеніміз – тура мағынадағы сипаттама; егер олар сипаттамаға ұқсамаса, демек, тіл ойдың төңірегіне ауыр бүркеме жабады. «Алайда күнделікті тілдің өзінде, – дейді Витгенштейн, – анық байқалатын көрнекі элемент бар. «Менің шанышқым менің пышағымның сол жағында жатыр» деген сөйлемді алып көрейік. Бұл сөйлем «Менің пышағым менің шанышқымның сол жағында жатыр» дейтін бірдей сөздерден құралатын екінші сөйлемнен өзгеше нәрсені мәлім етеді. Бірінші сөйлемнің мағынасы – «менің шанышқым» сөздері «менің пышағым» сөздерінің сол жағында орналасқанында, ал екінші сөйлемде – олай емес. Осылайша сөздер арасындағы кеңістіктік қатынастар заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды сипаттайды.

Барлық жағдайлар осындай оңай емес. Егер сөйлем жазылған емес, ауызша айтылған болса, бұл кесте элементтері арасындағы қатынастарды бейнелейтін қағаз бетіндегі кеңістіктік қатынас емес, дыбыстар арасындағы уақыттық қатынас болар еді. Өз кезегінде, бұл ауызша реттілік пен кеңістіктік қалыптамааның белгілі бір абстрактілі құрылымы болатындығына байланысты. Логикалық-философиялық трактатқа сай, кез келген сипаттама өзі бейнелейтін нәрсемен ортақ бірдеңесі болуы тиіс. Осы ортақ минимумды Витгенштейн оның логикалық формасы деп атайды. Жоғарыда келтірілген әдеттегіден тыс мысалмен салыстырар болсақ,



пропозициялардың көбісі өздері бейнелейтін жағдаймен ортақ кеңістіктік формасына ие емес; әйткенмен, кез келген пропозиция өзі бейнелейтін нәрсемен ортақ логикалық формасына ие болуы міндетті.

Витгенштейннің пікірінше, күнделікті тілдің астарында жасырылған ойдың сипаттаушы құрылымдарын ашып көрсету үшін біз Расселдің ұсынған логикалық талдау амалын қолданғанымыз жөн. Бұл талдауға жүгіну арқылы, түптеп келгенде, біз мүлде күрделі емес объектілерді білдіретін символдардың сырын ашамыз. Бастан-аяқ талданған пропозиция, қарапайым объектілердің атауларын, ақиқат немесе жалған болсын, өздері білдіретін объектілер арасындағы қатынастарды сипаттайтын бір-біріне байланысты атауларды қамтитын атомарлық пропозициялардың үйлесімдерінен құралады. Мұндай талдау адамның саналы мүмкіндіктерінен тыс болуы мүмкін, бірақ пропозицияның астарында жатқан ой, ақылдың түбінде, толығымен талданған пропозицияның кешенді мазмұнын қамтиды. Біз бұл ойды қарапайым неміс немесе ағылшын тілінде аса күрделі ережелердің бейсаналы іс-әрекетінің арқасында білдіреміз. Тіл мен әлем арасындағы байланыс ақыл түбіндегі осы ойлардың ақырғы элементтері мен әлемнің түпнегізін құратын атомарлы объектілер арасындағы корреляция арқылы орнатылады. Біз бұл корреляциялар қалай орындалатынын білмейміз: бұл бір тылсым үдеріс, әрбіріміз оны өздігімізше басқарып, өзіміздің жеке тілімізді құруымыз қажет секілді болып көрінеді.

Пропозицияның сипаттамалық теориясы мен әлемнің соған сәйкес құрылымын алға тарта отырып, Витгенштейн атомарлық сипаттамалардың үйлесімдеріндегі сан түрлі пропозицияларды қалай талдауға болатынын ашып көрсетеді. Ғылым өзін құрайтын пропозициялардың ақиқат-құндылығы оларды қамтитын атомарлық пропозицияларының ақиқат-құндылықтарына тәуелді болатын жүйеліліктен құрылады. Логика құрамдас пропозицияларының ақиқат-құндылығына қарамастан ақиқатты болатын тавтологиялардан, яғни күрделі пропозициялардан құралады. Пропозициялардың барлығы бірдей оларды құрайтын атомарлық пропозицияларын талдау арқылы ұғынуға келмейді: олардың кейбірі жалған-пропозицияларды қамтитын сияқты болып көрінеді. Солардың арасында этика мен теологияның пропозициялары бар. Сол сияқты, философияның, соның ішінде «Логикалық-философиялық трактаттың» өзінің де пропозициялары осылардың қатарында.

Басқа да метафизикалық трактаттар сияқты, «Логикалық-философиялық трактат» та әлемнің логикалық тұрпатын сипаттап беруге талпынады; бірақ бұл жүзеге асыруға келмейтін нәрсе. Сипаттама өзі сипаттайтын нәрседен тәуелсіз болуы тиіс; ол қаншалықты ақиқатты сипаттама болса, соншалықты жалған да болуға қабілетті болуы қажет. Бірақ кез келген пропозиция әлемнің логикалық формасын қамтуы тиіс болғандықтан, ол оны сипаттай алмайды. Метафизик айтуға талпынатын нәрсені айтып жеткізу мүмкін емес, оны тек көрсетуге болады. «Логикалық-философиялық трактаттың» параграфтары әлемді дұрыс көргіміз келсе, жоғары қарай өрмелеп, артынша теуіп тастауымыз тиіс баспалдақ сияқты. Философия – теория емес, іс-әрекет, яғни философиялық емес пропозицияларды айқындаушы іс-әрекет. Айқындап берген соң пропозициялар әлемнің логикалық формасын бейнелейді де, осылайша, философтың айтқысы келетін, бірақ айта алмайтын нәрсесін көрсетеді.

Ғылым да, философия да бізге өмірдің мәнін көрсете алмайды. Дегенмен бұл мәселе шешімін таппайды деген сөз емес.

Күмән сұрақ бар жерде ғана болады, сұрақ тек жауап бар жерде ғана орынды, ал жауап тек бірдеңе айтуға болатын жерде ғана болуы мүмкін. Барлық ықтимал ғылыми сұрақтардың бәріне жауап табылса да, өмірдің мәселелері мүлде қозғалмаған болып қала беретінін біз сеземіз. Әрине, ешбір қалып кеткен сұрақтар болмаса, мұның өзі жауап. Мәселенің шешімі – осы мәселенің жойылуында.

Адам ешқашан ажал құшпайтынына сенсе де, бұл осы өмірдің мән-мағынасын толтырмайды; мәңгі өмір сүру арқылы ештеңені шешуге болмайды. Ешқашан үзілмейтін өмір де осы қысқа өмір сияқты жұмбақ болар еді. «Құдай өз болмысын бұл әлем бойынан ашып көрсетпейді», – деп жазды Витгенштейн; «мұндағы тылсым мәселе – әлемдегі құбылыстардың жай-жапсары емес, оның жалпы мүмкін болуында».

Философияның бізге берері шамалы. Әйткенмен оның қолынан келетін ақырғы және соңғы сөзі осы Трактат болды, – Витгенштейн солай деп сенді. Тиянақты жүйелілікпен кітапты жария



еткен соң, ол философиядан бас тартып, әлдеқайда қарапайым жұмыстармен айналысты. 1912 жылы Карл Витгенштейн дүниеден озған соң Людвиг пен оның бауырлары орасан дәулетті мұраға ие болып қалды, бірақ соғыстан оралған соң ол өзінің мұралық үлесінен бас тартып, монастырьде бағбан немесе ауыл мектептерінде мұғалім болып жұмыс жасады. 1926 жылы оған оқушыларының біріне садистік жазалау шарасын қолданды деген айып тағылды, кейіннен ақталып шыққанына қарамастан, бұл оның мектептің мұғалімі ретіндегі мансабына балта шапты.

Логикалық Позитивизм

Витгенштейн Венаға оралып, әпкесінің жаңа үйінің архитектурасын жобалауға атсалысты. Ол 1922 жылдан бері Вена университетінде Ғылым философиясының профессоры болған Мориц Шликпен танысып, онымен бірге өзінің философиялық ізденістерін жалғастырды. Бұл екеуі 1927 және 1928 жылдары дүйсенбі күндері кешкісін кездесіп отырды, көп ұзамай Витгенштейн мен Шликке басқа ойшылдар да, соның ішінде Рудольф Карнап пен Фридрих Вайсман қосылды. 1929 жылы Витгенштейн философиялық қолжазбасымен айналысу мақсатымен Кембриджге аттанды (ол қайтыс болғаннан кейін бұл жұмысы «Философиялық еңбектер» атауымен жарық көрді). Осы арада (яғни ол жоқ болған кезде) оның пікірталас тобы өзіндік ұстанымы бар философиялық қозғалысқа ұласып, Веналық топтың ғылыми дүниетанымы атты манифестіні жария етті де, метафизика ескірген жүйе ретінде ғылыми дүниетанымға жол беруі тиіс деген көзқарасты алға тартатын науқанды бастап кетті.

Антиметафизикалық бағдарлама Витгенштейннің «Логикалық-философиялық трактатының» кейбір идеяларын қолданып, қажетті ақиқаттардың өздері тек тавтологиялар болғандықтан ғана қажетті деп ұран тастады. Бұл көзқарас оларға математикалық ақиқаттардың қажетті болғанымен, олардың әлем жайында бірдеңені баян етуі міндетті емес деген идеяны қабыл алуға жол ашты. Әлем турасындағы білім тек тәжірибе жүзінде ғана алынуы мүмкін, ал пропозициялар тек тәжірибе жүзінде тексерілуі немесе бұрмалануы мүмкін болғанда ғана белгілі бір мәнге ие болады. Пропозицияның мағынасы оны тексерудің тәсілі, тексеру қағидасы болатыны жайындағы тезис метафизикаға «шабуыл жасаудың» ұлы «қаруы» болды. Егер екі метафизик Абсолют болмысын немесе Ғаламның мақсатын ортаға салып, талқылайтын болса, оларды «Араңыздағы мәселе қандай ықтимал тәжірибе жүзінде шешілуі мүмкін?» деген сұрақ тығырыққа тыға алады.

Верификация қағидасының мәртебесі мен тиянақталуы жайындағы пікірталастар да көп күттірмеді. Мұның өзі тавтология емес пе? Мұны тәжірибе жүзінде тексеруге бола ма? Жауаптардың ешбірі көңілден шықпады. Оған қоса, ғылымның жалпы заңдары, метафизика догмаларынан кем түспей, ақтық тексеруге лайықсыз болып көрінді. Алайда олар бұрмалануға қабілетті, демек, осының өзі оларға мән беруге жеткілікті. Олай болса, біз верификация принципін фальсификация принципіне алмастыруымыз қажет пе? Бірақ біз бұлай жасайтын болсақ, бар болу туралы пайымдардың қаншалықты маңызды екенін түсіну қиын, себебі оларды біржолата бұрмалау үшін ғаламды бастан-аяқ шарлау керек. Бұл жағдайда маңыздылық өлшемін ақиқаттылығы немесе жалғандығына қатысты кейбір бақылаулар болған жағдайда ғана пропозиция бір мәнге ие болады дейтін біршама әлсіз формада қайта қарау орынды болып көрінеді. Витгенштейн верификация принципімен ішінара ғана келісті, әйткенмен, ол математикалық пропозицияның мағынасы – оны дәлелдеудің әдісі дейтін априорлы аналогын жиі алға тартып қорғайтын.

Позитивистердің пікірінше, философияның шынайы міндеті – универсалды философиялық пропозицияларды құру емес, философиялық емес пайымдарды айқындау – бұл жағынан олар Витгенштейнмен ортақ пікірді ұстанды. Осындай түсіндірменің таңдаулы әдісі: эмпирикалық пайымдар тәжірибенің тікелей жазбалары болатын қарапайым немесе «хаттамалық» пайымдарға ақиқатты-функционалды негізделіп, қалай құрылатынын көрсету. Хаттамалық пайымдарда кездесетін сөздердің мәні көрнекі анықтамадан, яғни осы сөз тағайындалған тәжірибе ерекшелігін білдіретін ишараттан туады.



Бұл бағдарлама орасан бір кедергіге тап болды. Хаттамалармен жазылған тәжірибе әр адам үшін дербес сияқты. Егер мән-мағына верификацияға тәуелді болып, әрқайсымыз осы верификацияны бізден басқа ешкімнің қолжетімділігі жоқ процессор көмегімен жүзеге асыратын болсақ, онда бір адам басқа адамның ойын қалай түсінбек? Шлик бұл мәселені форма мен мазмұнның арасындағы айырмашылық арқылы шешпек болды. Менің тәжірибемнің мазмұны – маған ұнайтын немесе басымнан өтетін нәрселер, мысалы, мен қызыл бірдеңені немесе жасыл бірдеңені көремін. Бұл менің дербес және басқаға жеткізе алмайтын тәжірибем. Бірақ тәжірибенің формасы немесе құрылымы көпшілік үшін ортақ болуы мүмкін. Мен ағашты немесе күннің батуын көрген кезде дәл осы нәрселерді көріп тұрған басқа адамдар менің ішкі сезімдеріммен бірдей сезімді бастан өткере ме, жоқ па – мен мұны біле алмаймын, бәлкім, олар ағашқа қарап тұрып, мен күннің батқанына қарап тұрғандағы сезімді сезінетін шығар. Дегенмен біздің бәріміз ағашты жасыл, ал күннің батысын қызыл деп санауға келісіп тұрсақ, біз бір-бірімізбен байланыс жасап, ғылым тілін құруды жалғастыра береміз.

Витгенштейн бұл тұжырымға көңілі толған жоқ, ол мән-мағынаға қатысты солипсизм қаупін тудырмайтын бір шешім тапқысы келді. Ол Веналық топтан қол үзіп, біржолата Кембриджге оралды. «Логикалық-философиялық трактатты» кандидаттық диссертация ретінде ұсынып, Витгенштейн Тринити колледждің оқытушысы қызметіне кірісті. Ал Веналық топ өзінің антиметафизикалық бағдарламасын әрі қарай өрбітіп, атап айтқанда, Шликтің берлиндік Ганс Рейхенбахпен бірлесе редакторлық қызмет жасаған журналдың беттерінде жалғастырды. Бұл журналдың беттерінде жарық көрген идеялар Альфред Айердің 1936 жылы «Тіл, ақиқат және логика» атауымен басылып шыққан еңбегінің арқасында Ұлыбританияда кеңінен таралды. Кейіннен, сол жылы, екіншіше орай, Шликті кек сақтап, ызаланған студенті атып өлтірді де, 1939 жылы Веналық топ өз қызметін тоқтатты, ал оның ең көрнекі мүшелерінің кейбірі шетелге қоныс аударуға мәжбүр болды. Веналық топтың кейінгі буын үшін шоқтығы биік еңбегі – ешқашан топтың толыққанды мүшесі болмаған Карл Поппердің 1935 жылы жарияланған «Ғылыми жаңалық логикасы».

Осы жерде біз Витгенштейннің Трактаты турасында бірер сөз айтып кетсек артық болмас. Философия саласындағы орны ерекше бұл еңбекте метафизика логикамен қатар жүреді. Кітаптың басым бөлігі тілдің болмысына арналғанымен, оның алғашқы беттері әлемнің табиғаты туралы бірқатар пайымдардан құралған. Әлем туралы тезистер тарихи жағынан да, логикалық жағынан да Витгенштейннің тіл туралы тезисіне тәуелді; бірақ олар өз алдына қарастыруға тұрарлық метафизикалық жүйені құрайды.

Трактатқа жүгінер болсақ, қарама-қайшы пайымдардың әрбір жұбына бір және бір ғана факт сай келеді: факт осы екі пайымның бірін ақиқат, ал екіншісін жалған етеді. Әлем – осындай фактілердің жиынтығы. Фактілер жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін: жағымды факт – істердің ахуалының болуы, жағымсыз факт – істердің ахуалының болмауы. Істердің немесе жағдайдың ахуалы – объектілердің үйлесімі. Шын мәнінде, объект – істердің ахуалының ықтимал құрамдасы, әрі оның болмысы – істердің ахуалындағы басқа объектілермен үйлесе отырып, жүзеге асырылу ықтималдылығында. Әрбір объект өз табиғатында оның басқа объектілермен үйлесу мүмкіндіктерінің бәрін қамтитындықтан, қандай да бір объект берілген болса, онда барлық объектілер берілген дегенді білдіреді.

Объектілер қарапайым және бөліктерден құралмайды, бірақ олар кешендерге бірігуі мүмкін. Олар жалпыланбайды және бұзылмайды, себебі кез келген ықтимал әлем дәл осы сияқты объектілерді қамтуы тиіс; өзгеріс дегеніміз – тек қана объектілердің конфигурациясын немесе құрылымын өзгерту. Объектілер бір-бірінен өз болмысы бойынша немесе сыртқы сипаттары бойынша ажыратылуы мүмкін, не болмаса олар сан жағынан өзгеше, көзге көрінбейтін болуы мүмкін, бірақ олар бірдей емес. Объектілер әлемнің бұлжымас және бастапқы формасын, субстанциясын және мазмұнын құрайды.

Объектілер істердің ахуалына бірігеді: олардың өзара байланысу жолдары істердің ахуалына өзіндік бір құрылым береді. Құрылымның ықтималдылығы – істердің ахуалының жайы. Істердің ахуалдары бір-бірінен тәуелсіз: олардың бірінің болуына немесе болмауына байланысты басқасының болуы немесе болмауы туралы тұжырым шығару мүмкін емес. Фактілер дегеніміз – істер ахуалдарының болуы немесе болмауы болғандықтан, бұдан шығатын қорытынды – фактілер бір-біріне тәуелсіз. Фактілердің жиынтығы дегеніміз – әлем.



Трактаттың осы тығыз беттерін түсіну қиын. Ғаламның түпнегізі боларлық объектілердің үлгілері келтірілмеген. Кітапқа түсініктеме берушілер сан түрлі нұсқаларды ұсынады: біреулер үшін бұл объектілер – сезімдік деректер, басқалар үшін бұл – универсалиялар. Бәлкім, Витгенштейн осы екі нәрсені де объект деп таныған шығар: себебі олар, Расселдің айтуынша, бізге таныс болуына байланысты белгілі болатын заттарға ұқсас. Алайда Трактатта мысалдардың келтірілмеуі кездейсоқ емес. Витгенштейн қарапайым объектілер мен атомдық күйлердің бар екендігіне олардың мысалдарын келтіруге болатындықтан емес, оларды толығымен талданып шыққан тілдің атаулары мен элементарлы пропозицияларына арналған әлемдегі корреляттар ретінде бар болуы тиіс деп санағандықтан сенді.

Оның осы қорытындыны растайтын дәйектері үш алғышартқа негізделген. Біріншіден, пропозицияның мәні бар ма, жоқ па – бұл логика мәселесі. Екіншіден, нақты қандай заттардың бар екендігі тәжірибеге тәуелді. Үшіншіден, логика тәжірибеге дейін жүреді. Сондықтан пропозицияның мәні бар ма, жоқ па деген мәселе ешқашан нақты заттар бар ма, жоқ па деген нәрсеге тәуелді бола алмайды. Бұл қорытынды логиканың кез келген жүйесі сай болуы тиіс шартты бекітеді. Оған сай болуы үшін, деп есептейді Витгенштейн, атаулар тек қарапайым объектілерді ғана білдіретіндей етіп қосылуы қажет.

Трактат әлеміндегі қарапайым объектілер атаулардың конкатенциялары болып табылатын элементарлы пропозицияларға сай келетін атомдық істер ахуалдарына біріктіріледі. Әлемді барлық қарапайым пропозицияларды тізбектеп, олардың қайсысы ақиқат, ал қайсысы жалған екендігін тізбектеу арқылы толығымен сипаттап шығуға болады. Өйткені ақиқат қарапайым пропозициялар барлық жағымды фактілерді, ал жалған қарапайым пропозициялар барлық жағымсыз фактілерге сай болады, ал әлем дегеніміз – фактілердің жиынтығы.